

САПАЛЫ МАМАН – ОТАНДЫҚ ДИПЛОМАТИЯ ТАБЫСЫНЫҢ КЕПІЛІ

«Еңку-еңку жер шалып, егеулі найза қолға алып» кіндік қанымыз тамған қасиетті жеріміздің ұланғайыр аумағын көзден таса қылмай аңдысқан жауларынан қорғау үшін ат үстінде ғұмыр кешкен ата-бабамыздың асыл арманы орындалып, қастерлі тәуелсіздікке қол жеткізген еліміздің бүгінгі дүбірлі дүниедегі өз орны мен даралығын сақтаудың абыройлы міндеті отандық дипломатияға жүктеліп отырғандығы мәлім.

Қазақстанның Сыртқы саясат ведомствосы қазіргі халықаралық қатынастарда Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың жарқын идеялары мен батыл бастамаларына, қарымды қадамдарына лайықты қолдау көрсетіп келеді. Кешегі Кеңес одағынан мұраға қалған қатерлі ядролық қаруға байланысты түйіннің оңтайлы шешілуі, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыру туралы жаһандық бастаманың сәтті жүзеге асуы, сыртқы шекараның белгіленіп бекемделуі, Шанхай ынтымақтастық ұйымының белді мүшесіне айналуымен бірге, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына, Ислам ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі сынды биік белестер қазақ дипломатиясының сөзсіз ірі жеңістері. Аймақтағы ешбір елмен жанжалды қатынастарды болдырмай, мемлекеттің бірқалыпты, орнықты дамуына қолайлы сыртқы ортаны қалыптастырып, елдің барша тұрғындарының күнделікті бейбіт, тыныш өмірдің тылсым бақытын сезініп, ұрпағының ертеңіне алаңдамай, еркін ғұмыр кешуіне жағдай жасау, ресми тілмен айтқанда – мемлекеттің орнықты дамуына қажетті сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қол жеткізілгендігін әділімен атағанымыз жөн. Жинақтай айтқанда, салыстырмалы жастығына қарамастан, отандық дипломатия Қазақстан халқының игілігіне талмай қызмет етуде.

Иә, дипломатия – ең алдымен, мемлекеттік мүддеге, ұлттың, ұлыстың игілігіне қызмет ету болғандықтан, әрбір дипломат бірінші кезекте өз елін, оның тарихы мен тағдырын, экономикасы мен әлеуметтік ахуалын, мәдени мұрасын, ұлттық салт-дәстүрлері мен рухани байлығын терең игеріп, әлемдік өркениетке қосқан үлесін, кеше қандай болғанын, бүгін және келешекте қайда бара жатқандығын түсіндіріп, жеткізіп бере алатындай жоғары дәрежеге ие болуы міндетті. Сонымен бірге, қазіргі «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын» жедел даму заманының ерекшеліктеріне байланысты, дипломатия халықаралық қатынастардың барынша кең ауқымын, мәселен мәдени-гуманитарлық саладан бастап ірі экономикалық, қаржы, бизнес немесе экологиялық іс-шараларды сыртқы саяси тұрғыдан қамтамасыз етумен айналысатындығы аян. Демек, әрбір дипломат маман осы салалардың барлығынан хабардар болатындай энциклопедиялық білімге ие болуы талабы күн өткен сайын арта түсуде. Ал, дипломаттың зайырлы орталарда суда жүзген балықтай сезінуі қажеттігі ежелден келе жатқан үрдіс. Сондықтан ол, ең алдымен, өзі туралы, елі, халқы туралы өзге орталарда әрдайым жағымды көзқарас, оң пікір қалыптастыра алатындай сұғылалық таныта білуі жөн. Өйткені, уақыт, замандар қаншама өзгергенімен, дипломатиялық қызметтің мәні өзгеріссіз сақталуда, ол: шет мемлекеттермен екіжақты, сондай-ақ көпжақты қарым-қатынастарды орнатып жүргізу, ел мен елді жақындастыру, халық пен халықты татуластыру, достастыру, оларды үздіксіз дамытып отыру, әрине. Осы орайда халқымыздың ерекшелігіне қатысты мынадай бір қызықты жайтты естіген едік: ертеректе құрамында қазақтың ұлы перзенті, академик Қаныш Сәтпаев бар Совет одағының делегациясы Ұлыбритания астанасы Лондонға барады. Сонда оларды қабылдаған атақты Уинстон Черчилль бұлардың ішіндегі аса бойшаң, ірі қазақ ғалымын көріп, «Қазақтардың барлығы сіздей биік пе?» деп сұраған көрінеді. Сонда Қаныш ағамыз, саспастан: «Жоқ, менің халқым менен де биік» деп, аузын айға білеген ағылшындарды аң-таң қалдырған екен. Кім біледі, кейін туған елі тәуелсіздігіне қол жеткізіп, әлі талай қазақ баласы әлемді мойындата аларын академик Сәтпаев нағыз көрегендікпен кәміл сезген болар.

Расында, қазақ дипломатиясы жоқ жерден, жаңадан пайда болды деген теріс ұғым туындамауы тиіс. Алып еуразия кеңістігін мекен еткен біздің ежелгі ата-бабаларымыз: сақтар-скифтер, массагет пен алан, сармат, ғұн мен қыпшақтар, одан кейінгі қазақ хандықтары тарих сахнасына шыққаннан бері олардың әлемдік құрылыстағы орны мен рөлі жайында аз айтылмағандығы белгілі. Ұзақ ғасырлар бойында Ұлы дала Шығыс пен Батыстың, Солтүстік пен

Оңтүстіктің арасын жалғап тұрған стратегиялық аймақ, Қытай мен Еуропаны түйістірген Ұлы Жібек жолының ажырамас, маңызды буыны болса, міне үстіміздегі ғасырда тарих доңғалағы қайта айналып келгендей, ежелгі ұлы оқиғалар жаңа бейнеде, жаңа түр, тың мазмұнда қайта жаңғыруда. Бұл қайнаған өзгерістердің қақ ортасында Қазақстан мемлекеті тұрғандығы әрі мақтаныш, әрі орасан жауапкершілік жүктейді.

Ендеше қазіргі қазақ дипломатиясына, әсіресе жас мамандардың мойнына жүктелер жүктің ауқымы кең, салмағы ауыр бола түсуде. Бұл орайда институт қабырғасында оқытылатын кәсіпке қатысты тар көлемдегі пәндерді игерудің мүлде жеткіліксіздігі даусыз. Қызмет ерекшелігіне байланысты дипломаттар жұмыс орнын үнемі ауыстыратыны, әлбетте, қызмет атқаратын аймағы мен елдері өзгеріп отыруына байланысты, олар білімі мен біліктілігін ұдайы, үздіксіз жетілдіріп отыруы заңдылық. Мұның өзі тоқтаусыз ізденуді, ерінбей ежіктеуді, тұжырымдай түскенде, ұлы Абай айтқан: «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақымды ойлап қой» үстінде жүруден бір сәт те танбауы өмір талабына айналуға. Адамзаттың енді бір ойшылы Конфуций – «Егер адамдар кітап оқуды доғарса, ойлаудан айырылады» деген ескертуінің де ақиқатына күмән келтіру қиын. Данышпан белгілі бір кәсіп төңірегінде емес, адамның ой-өрісін өсіретін жалпы әдебиетті, әрине классикалық көркем әдебиетті айтып отырғандығы хақ. Өзіміз турасына келгенде, бұған біздің қосарымыз Абай мен Махамбетті, Сәкен мен Мағжанды, Мұхтар мен Жүсіпбекті, Мұқағали мен Оралхандарды және өзге де қайталанбас қазақ көркем әдебиетін түпнұсқада оқымаған, ұлттық мәдениет пен өнердің өзге де салаларындағы жауһарларды өмірінде естіп, көріп, сезінбеген адам, сөздің толық мағынасындағы жан-жақты, мықты қазақ дипломаты болады деп айту қиын.

Бұл орайда мемлекеттік мәртебесіне лайықты дәрежеде қоғамдық маңызға ие болып отырған ана тіліміздің мәніне арнайы тоқталып өтудің жөні бөлек. Қазір Қазақстан қоғамдастығы, биліктің барлық тармағы Елбасының Халыққа жолдауында айтылған міндеттемелерді жүзеге асыруға жұмыла кірісуде. Бұл бағдарламалық құжатта ана тіліміз, қазақ тілінің мәңгілік тіл екендігі, ол Қазақстан халқын біріктіруші қуатты құралға айналғаны тайға таңба басқандай айқындалды. Жолдауда айтылған тапсырмалардың әрбір тармағының орындалуын қатаң қадағалап отырған Мемлекет басшысы солардың алдыңғы қатарында мемлекеттік тіл талабы тұрғанын жеке басының үлгісімен үнемі дәлелдеп келеді. Қазақстан Президентінің халықаралық іс-шараларда қазақ тілінде сөйлеуіне бүкіл әлем құлақ түреді, шетелдік ресми қонақтар қазақ тілінде тілдесуге басым мән беруде. Қазақстан журналистерінің конгресінде қазақ тілінде ақпарат таратудың, соның ішінде сыртқы саясатқа тікелей қатысты, аздығы ұлтық қауіпсіздікке қатер төндіретін факторға айналып отырғаны бүкпесіз жария етілді. Демек, мемлекеттік тілдің күретауырылы маңызы туралы мәселе қазір айдан анық. Сондықтан Қадыр ағамыз тура дипломаттарға қаратып айтқандай, сыртқы саясат ведомствосының әрбір қызметкері үшін «өзге тілдің бәрін біліп, өз тілін құрметтеуі» тиістігі бірінші кезекте – лауазымдық міндет, әрі азаматтық, әлбетте патриоттық парыз.

Қазақ дипломатиясында күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі ұрпақтар байланысы, аға буын ақсақалдар мен институт қабырғасынан кеше ғана шыққан жас өркен арасындағы мұрагерлік, үндестік тақырыбы дер едік. Сыртқы саясаттың табысы, дипломатияның бүгіні мен келешегі, мазмұны мен сипаты жас буынға бағыт-бағдар берудің деңгейіне көп тәуелді. Әрбір буын қызмет еткен жылдарында жинақтаған тәжірибесінің арқасында соңына барынша бай мәлімет, мұра қалдырады. Мұның қатарына тек жұмыспен, қол қойылған келісім-шарттармен ғана байланысты жайттарды емес, сондай-ақ күнделікті тіршілікте, өмірде кездесетін, қағаз бетіне түсе бермейтін ойда, есте қалатын сан түрлі қайталанбас айрықша оқиғаларды, естелік кітаптармен бірге фото, бейне материалдарды да атаған жөн. Сондықтан «жыл құсындай жаңалық әкелетін» жастар өмір дариясының тереңіне бойлаған ардагер дипломаттардан осынау бай мұраны қаншалықты дәрежеде қабылдады, қаншалық ойына тоқып, бойына сіңірді – бұл назардан тыс қалдыруға болмайтын келелі мәселе. Өйткені, қазіргі заманғы дипломатияның жоғары қарқынды динамизмі жас мамандардың көп мәселелерде бейімделіп, игеріп үлгеруін айтарлықтай қиындатты. Бұл арада әңгіме материалдық жеткіліктілік немесе техникалық икемділік емес, ішкі, рухани, интеллектуалдық сапа жөнінде болып отырғаны түсінікті.

Сонымен бірге, қызмет бабымен көп жылдар шетте, жырақта жүретін дипломатиялық қызметкерлердің зейнет жасына толғанда елге оралатын аға буын өкілдеріне қатысты күн тәртібіндегі бұл мәселенің әлеуметтік, тұрмыстық, тіпті ар-ождандық тұрғыдағы күрделі тұстарын да ескерудің орны бар. Олай болса, ардагер дипломаттар арасынан арнайы Кеңесшілер тобын, Құрметті дипломаттар институтын, Даңқ залын т.б. тиісті құрылымдар жасақтау, арнайы оқу орындарында лекциялар курсын ұйымдастыру сынды ұрпақтар арасындағы үзілмес байланыстарды жүзеге асырудың тиімді жолдарын қарастырған абзал деп санаймыз.